

**Сабақтың тақырыбы: Жай бөлшектер /қайталау сабағы/**

- 1. Білімділік:** Оқушыларды өткен тақырыптар бойынша білімін тексеру, аралас сандарды қосу ережелерін есеп шығаруда қолдана білуге үйрету.
- 2. Дамытушылық:** Оқушылардың логикалық ойлауын, ұқыптылығын дамыту, білім танымын кеңейту, пәнге қызығушылығын арттыру.
- 3. Тәрбиелік:** Оқушыларды ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, өз беттерінше еңбектенуге ойын арқылы тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** «Аралас сандар планетасына» саяхат сабағы

**Сабақтың әдісі:** Сұрақ-жауап, деңгейлеп -саралап оқыту


**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, слайдтар, Айдаһар суреті,карточкалар.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі.  
-Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.  
Сабақтың мақсатымен және ұранымен таныстыру  
II. Кіріспе сөз.  
III. «Ассоциациялық карта» толтыру  
IV. Ойын: «Таза тақта»  
V. Планеталарға саяхат  
1. «Қайталау» планетасы  
2. «Ауызша есептер» планетасы  
3. «Дәмді жеміс-жидектер» планетасы  
4. «Айдаһар» планетасы  
5. «Ұлы ғалымдар» планетасы  
VI. Үй жұмысы  
VII. Сабақтың қорытындысы, оқушыларды бағалау.

Балалар, бүгінгі ашық сабағымыздың ұраны: «**Мен білемін, мен үйренемін**» Сабағымыз өзгеше дәстүрлі емес, сайыс сабақ түрінде өтеді. Сайысқа екі топ түседі «Алғырлар» және «Тапқырлар». Топтар «Аралас сандар» планетасына саяхат жасайды. Сапар барысында көптеген сұрақтар туындайды, сұрақтарға жауап беру үшін сендерге білім, жақсы есте сақтау қабілеті, зейінділік және бір-біріне көмек керек.

Рефлексия. Сайысты бастамас бұрын, әр топтың көңіл-күйін анықтайық.

Әр топ өз көңіл - күйіне сәйкес суретті таңдап алу керек.



Менің көңіл-күйім  
жақсы, сабаққа дайынмын




Менің көңіл-күйім  
онша емес




Мен қобалжып  
отырмын

III. Сапарға аттанар алдында «Жай бөлшектер» тақырыбына қатысты «ассоциациялық карта» толтырайық



IV. «Таза тақта» ойынын ойнайық.

/ Сұрақтарға жауап беру арқылы тақтаны тапсырмадан тазарту ,2 слайд /



«Ассоциациялық карта» толтырдық, ойын ойнадық, ал енді ұшуға дайынбыз ба?

Ендеше көзімізді жұмып, менімен бірге қосылып санайық 9,8,7,6,5,4,3,2,1. Ұштық. Сапарымыздың минуттары ойдағыдай өтуде. Балалар, алдымызда «Қайталау планетасы».

V. «Қайталау» планетасының сұрақтарына жауап беру үшін «Күннің шуағы» ойынын ойнаймыз./3,4 слайд/

Ойынның шарты: Тақтада бұлттардың ішінде сұрақтар жасырылған. Әр топ бұлттарды рет-ретімен ашу арқылы оларда жасырынып тұрған сұрақтарға жауап беру қажет.

Сұрақтар: 1. Үлес дегеніміз не?

2. Жай бөлшектің бөлімі нені көрсетеді

3. Жай бөлшектің алымы нені көрсетеді?

4. Бөлінді бөлшек түрінде қалай жазылады?

5. Бөлшекті қысқарту дегеніміз не?

6. Қандай бөлшек қысқартылмайтын бөлшек деп аталады?

7. Қандай бөлшек бұрыс бөлшек деп аталады? Мысал.

8. Қандай бөлшек дұрыс бөлшек деп аталады? Мысал.

9. Бұрыс бөлшекті бірмен салыстыр.

10. Бұрыс бөлшекті бірмен салыстыр.

Жарайсындар! Күннің көзі ашылды, көңіл күйіміз жақсы.

Сапарымызды әрі қарай жалғастырайық.

Алдымызда «Ауызша есептер» планетасы. / 5,6 слайд/

«Алғырлар» мен «Тапқырлар» тобына арналған сұрақтар:

1. Қосындысы 1-ге тең бөлшектерді ата  $a/ \frac{3}{5}; \frac{3}{8}; \frac{1}{6}; \frac{2}{5}; \frac{5}{6}; \frac{5}{8}$

$\text{ә}/ \frac{6}{11}; \frac{3}{11}; \frac{2}{11}; \frac{5}{11}; \frac{8}{11}; \frac{9}{11}$

2. Бірнеше мемлекеттің тулары көрсетілген. Олар бірдей бөліктерге бөлінген.

Сұрақтарға жауап бер:

а. Украина елінің мемлекеттік туының қандай бөлігі көкшіл түс ?

ә. Бельгия елінің мемлекеттік туының қандай бөлігінің түсі қара ?

б. Индонезия елінің мемлекеттік туының қандай бөлігі қызыл түспен бейнеленген ?

в. Көршілес Ресейдің мемлекеттік туының қандай бөлігі көк ?

Сапарымыз сәтті өтуде. Біз «Дәмді жеміс жидектер» планетасына келіп қалдық.

Бұл планетаның тұрғындары өте қонақжай екен, олар сендерге өз дәмдерін ұсынып тұр. Осы дәмдерді жеу үшін, сендер берілген тапсырмаларды орындау керексіңдер.

/Әр топтан кезекпен оқушылар тақтаға шығып, жеміс – жидектерде жасырынып тұрған сұрақтарға жауап береді./


1-тапсырма: Дұрыс бөлшектерді бір жолға, бұрыс бөлшекті екінші жолға жаз.

$$\frac{1}{5}, \frac{123}{26}, \frac{63}{489}, \frac{24}{25}, \frac{8}{8}, \frac{59}{32}$$

2-тапсырма: Бөлшектерді қысқарт  $\frac{6}{24}; \frac{16}{108}; \frac{36}{216}; \frac{35}{49}; \frac{10}{250}$

3.- тапсырма «Домбыра» / 7 слайд /

Домбыраның басы (құлағы)  $\frac{1}{10}$  м, мойыны  $\frac{1}{2}$  м, шанағы  $\frac{2}{5}$  м. Домбыраның ұзындығы неше метр?



$$\text{Шешуі: } \frac{1}{10} + \frac{1}{2} + \frac{2}{5} = \frac{1+5+4}{10} = \frac{10}{10} = 1$$

Жауабы: 1 м

Сапарымызды әрі қарай жалғастырайық. Біз «Айдаһар» планетасына жақындап қалдық, ол да өз тапсырмасын орындатпай бізді өткізбейді. Сол тапсырмаларды орындайық. / Айдаһардың үш басында үш түрлі деңгейлік тапсырмалар /

Бірінші орындаған топ тақтада орындайды.

I деңгей №566, №567

II деңгей №575, №576

III деңгей №583, №584

Айдаһардың тапсырмаларын орындадық, сапарымызды әрі қарай жалғастырамыз.

«Ұлы ғалымдар» планетасына келіп қалдық.

Тапсырмалар: Бөлшектерді өсу /кему/ ретімен жазу

Берілген бөлшектерді өсу /кему/ ретімен жазсаң, ұлы ғалымдың атың оқисың.

$$1/ A \frac{4}{10}; \Phi \frac{3}{10}; \Gamma \frac{5}{10}; И \frac{2}{10}; P \frac{7}{10}; П \frac{1}{10}; O \frac{6}{10}$$

$$2/ P \frac{9}{13}; E \frac{2}{13}; A \frac{10}{13}; И \frac{5}{13}; M \frac{3}{13}; Д \frac{1}{13}; X \frac{7}{13}$$

Қонақта болған жақсы, бірақ өз үйінде болған одан да «жақсы», - демекші саяхатта жүріп қыдырған жақсы болса да, үйімізге, туған елімізге асығатымыз рас, сондықтан жоғарыдан, аспан әлемінен жерге оралып үйге тапсырма сәлем сауқат ала барайық.

Рефлексия. Бүгінгі саяхат сендерге ұнады ма?

Өз көңіл –күйлеріңді бағалаңдар.

VI. **Үй жұмысы.** №570; №588

Аталған ұлы ғалымдар туралы шағын реферат жазып келу.

VII. **Қорытынды,** оқушыларды бағалау.